

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 1 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 қаңтарда № 35680 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар нарығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын
реттеу және дамыту
Агенттігінің Басқармасының
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 1 Қаулыға
қосымша

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 89-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды айқындайды.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізімі алаңдарының Талаптардың 6-тармағында көзделген секторларына, санаттарына енгізу, оларды олардан шығару және тізім санатын ауыстыру не алаңды ауыстыру талаптары мен тәртібі, сондай-ақ бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізімі алаңдарының Талаптардың 6-тармағында көзделген секторларына, санаттарына енгізуге болжанатын немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптар қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.";

44-тармақ алып тасталсын;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Бағалы қағаздарды "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторына айналысқа жіберу қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес айналыстағы қаржы құралдары тобына қарай мүшелік санаты бойынша қор биржасы мүшесінің бастамасымен жүзеге асырылады.".

2. "Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 307 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17920 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 80-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленген және орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру талаптары мен тәртібін белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Қағидалардың мақсаттары үшін шот операторы деп депонент берген өкілеттіктер шегінде осы депонентке номиналды ұстаушының жеке шотын және (немесе) орталық депозитарийде депоненттің атына ашылған банктік шоттарды басқару жөнінде қызметтер көрсететін екінші деңгейдегі банк түсініледі.

Депонент орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен және талаптармен орталық депозитарийдің клиентін шот операторы етіп тағайындайды

Шот операторы орталық депозитарийге депоненттің жеке шоты, депоненттің жеке шоты шеңберіндегі қосалқы шоттар бойынша операциялар жүргізу, депоненттің жеке шотында есепке алынатын қаржы құралдарымен мәмілелерді (операцияларды) тіркеу, сондай-ақ депоненттің банктік шоттарында есепке алынатын ақшамен операциялар жүргізу үшін негіз болып табылатын бұйрықтар мен басқа да құжаттарды береді.

Шот операторы орталық депозитарийден қаржы құралдарымен және (немесе) ақшамен жасалған осы мәмілелердің (операциялардың) орындалуы туралы есептерді және, егер ол депонент берген өкілеттіктерде көзделген болса, операторы болып табылатын депоненттің шоты (шоттары) бойынша басқа да құжаттарды алады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Орталық депозитарийдің депоненті номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен кастодиандық, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті қоса атқарған кезде:

1) Қағидалардың 18-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген қосалқы шоттар номиналды ұстау немесе шот операторы қызметтерін көрсете отырып брокерлік қызметті көрсету туралы шартқа сәйкес депонент ұсынған қосалқы шотты ашу жөніндегі бұйрық негізінде ашылады;

2) Қағидалардың 18-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген қосалқы шоттар депонент кастодиандық немесе шот операторы қызметін көрсету шартына сәйкес:

Қазақстан Республикасының резиденттеріне кастодиандық қызмет көрсетуге берілген, тиесілі қаржы құралдарын есепке алу үшін оларға;

шетелдік мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын есепке алу үшін Қазақстан Республикасының резидент – номиналды ұстаушыларына;

Қазақстан Республикасының бейрезидент – номиналды ұстаушыларына ұсынған, қосалқы шот ашу жөніндегі бұйрық негізінде ашылады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Орталық депозитарий қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеу бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды:

1) депоненттердің немесе шоттар операторларының тиісті бұйрықтары;

2) сауда-саттықты ұйымдастырушының бұйрықтары;

3) клирингтік ұйымның және (немесе) орталық контрагенттің бұйрықтары;

4) ақпараттық жүйелер деректерінің провайдерлері мен орталық депозитарий арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен және талаптармен Bloomberg (Блумберг) және (немесе) Reuters (Рейтер) ақпараттық жүйелері арқылы алынған бұйрықтар және (немесе) өзге де нұсқаулар (құжаттар);

5) қор биржасы немесе клирингтік ұйым мен орталық депозитарий арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен және талаптармен "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін осы қор биржасы немесе клирингтік ұйым бұйрықтарының;

6) шетелдік ұйым немесе клирингтік ұйым мен орталық депозитарий арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен және талаптармен шет мемлекеттің аумағында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті шетелдік ұйымның немесе шет мемлекеттің аумағында қызметті жүзеге асыруға уәкілетті клирингтік ұйымның бұйрықтарының және (немесе) өзге де нұсқауларының (құжаттарының);

7) орталық депозитариймен орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленген тәртіппен шарт жасасқан депонент клиенті бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Депонент клиенттері орталық депозитарийге оның қағидалар жинағында көзделген тәртіппен және талаптармен өтініш берген кезде, орталық депозитарий депонент клиенттерінің бұйрықтары негізінде ақпараттық операцияларды жүзеге асырады.";

21-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-1. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілені орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеу мыналарды қамтиды:

1) бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге бұйрық берген адамның өкілеттіктерін және осы бұйрық нысанының белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру;

2) бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге бұйрықты тіркеу;

3) бағалы қағаздармен мәмілені орындаудан бас тарту үшін негіздер болмаған кезде оны тіркеуге бұйрықта көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру;

4) клиентке немесе шот операторына бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге оның бұйрығының орындалуы туралы есепті жіберу.

Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықты орындаудан бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, егер Қағидаларда және (немесе) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында бұйрықты

орындаудың өзге мерзімі көзделмесе, бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықты орындауды орталық депозитарий қарсы бұйрықты алған күннен кейін екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Орталық депозитарий бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде оның:

1) орталық депозитарий клиентінің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиясының және (немесе) лицензиясына қосымшаның қолданысы тоқтатыла тұрған немесе одан айырылған (қайтарып алынған) (қаржы құралдарын басқа депоненттерге номиналды ұстауға аудару немесе орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан қаржы құралдарын шығару жөніндегі операцияларды және ақпараттық операцияларды қоспағанда);

2) уәкілетті орган немесе бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұруға немесе тоқтатуға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар (ақпараттық операцияларды қоспағанда) бағалы қағаздардың айналысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған;

3) бағалы қағаздар шығару талаптарына сәйкес бағалы қағаздардың айналысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған (ақпараттық операцияларды, номиналды ұстаушыны ауыстыру кезінде қажетті немесе осындай бағалы қағаздарды өтеу кезінде жүргізілетін операцияларды, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына ашылған қосалқы шоттардан бағалы қағаздарды есептен шығару және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ашылған қосалқы шотқа есепке жатқызу жөніндегі операцияларды қоспағанда);

4) бұйрық орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген нысанға сәйкес келмеген;

5) толтыру үшін міндетті бұйрықтың деректемелері болмаған, сондай-ақ түзетулер немесе боялған жерлер болған;

6) бұйрықтардағы қолдардың үлгілері нотариат куәландырған үлгілерге сәйкес келмеген;

7) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) жеке шот (қосалқы шот) бұғатталған;

8) банктерді біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың біреуіне қатысты "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген жеке шоттарынан (шоттарына) (қосалқы шоттарынан (қосалқы шоттарына) қаржы құралдарын есептен шығару (есепке жатқызу) жөніндегі операцияларды жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген қаржы құралдарына ауыртпалықтар болған

;

9) есептеулерін есепке алу ұйымы жүзеге асыратын бұйрықтардың жекелеген түрлеріне қатысты орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, орталық депозитарий клиенттерінің қаржы құралдарының және (немесе) шоттарында (қосалқы шоттарында) қажетті ақша саны болмаған;

10) егер оны беру қажеттілігі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген болса, қарсы бұйрық болмаған;

11) есепке алу ұйымының орталық депозитарийдің қаржы құралдарын номиналды ұстауға (номиналды ұстаудан) енгізуге (шығаруға) бұйрығын орындамағаны туралы хабарлама алған;

12) мәміле Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес келмеген жағдайларда;

13) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген жағдайларда орындалмау себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде немесе Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында бас тартуды ресімдейді.

Жазбаша түрдегі бас тарту орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген байланыс түрлерімен жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

"26-1. Шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдары бойынша кірістер төлемдерін алу шеңберінде орталық депозитарий қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен және талаптармен шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес төленетін қаржы құралдары бойынша кірістерден алынатын салықтарды әкімшілендіру функцияларын жүзеге асырады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Орталық депозитарий бағалы қағаздарды номиналды ұстау бойынша функцияларды орындау шеңберінде шетелдік номиналды ұстаушы болып табылатын депонент клиентінің артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыруға өтінімді депоненттен немесе шот операторынан алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей осы өтінімді эмитентке жібереді.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен клиенттер (шоттар операторлары) және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар алдында олардың жеке шоттарының (қосалқы шоттарының), банк шоттарының және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде олар туралы мәліметтер бар көрсетілген шоттар бойынша жүргізілетін операциялардың жай-күйі туралы есеп береді.

Клиенттердің және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарынан (қосалқы шоттарынан) және банктік шоттарынан үзінді-көшірмелер ұсыну мерзімдері орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.";

35 және 36-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Орталық депозитарий бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімі жүйесінде ашылған жеке шот бойынша айналыс мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздарды есептен шығару және эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын есепке алу бойынша операцияларды жүргізгеннен кейін депоненттердің және олардың клиенттерінің қосалқы шоттарынан осындай эмиссиялық бағалы қағаздарды (номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде мемлекеттік органдардың актілері және Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңның 12-бабында көзделген терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінің негізінде оқшаулау операциясы жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) есептен шығару және осы бағалы қағаздар бойынша туындаған міндеттемелерді (ауыртпалық салу, сенімгерлік басқару) сақтай отырып, эмитенттің осындай эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын есепке жатқызу бойынша операцияларды жүргізеді және депоненттерге немесе шот операторларына:

айналыс мерзімі өткен және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитент жол берген дефолт;

эмитенттің осындай эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарына берілген идентификатор;

орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде депоненттердің және олардың клиенттерінің қосалқы шоттарынан айналыс мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздарды есептен шығару және эмитенттің осындай эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын есепке жатқызу бойынша жүргізілген операциялар туралы мәліметтер қамтылған хабарлама жібереді.

Орталық депозитарий эмитенттің айналыс мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары идентификаторларының тізілімін орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

36. Орталық депозитарий қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымдары акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің көшірмесін алған күні операцияларды номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тиісті жеке шоттарда (қосалқы шоттарда) көрсетеді және депоненттерге немесе шоттар операторларына номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген операциялар туралы есептерді жібереді.";

37-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37-3. Орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленген тәртіппен және мерзімде орталық депозитарий депонентке, шот операторына және сауда-саттықты

ұйымдастырушыға депоненттің клиентіне тағайындалған бірегей код туралы ақпаратты жібереді.";

40-8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40-8. Қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде олардың жаңартылған деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты облигациялар бойынша дивидендтер және (немесе) сыйақылар және (немесе) облигацияларды өтеуге арналған сомалар және (немесе) қоғам таратылған кезде кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін акционерге төленуге тиіс ақша төленбеген тұлғаның деректемелері туралы мәліметтерді орталық депозитарий тұлғаның өзінің немесе осы тұлғаның депонентінің, немесе осы депонент шотының операторының жолданымы негізінде жолданымды алған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей жаңартады.

Қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде олардың жаңартылған деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақша сомасы төленбеген тұлғаның деректемелері жаңартылғаннан кейін орталық депозитарий осы тұлғаға тиесілі ақша сомасын деректемелер жаңартылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның банктік шотына аударады.

Орталық депозитарий осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген операция жүзеге асырылғаннан кейін орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған, талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шот бойынша тиісті жазбалар енгізеді, сондай-ақ осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаға және (немесе) эмитентке, бағалы қағаздарды ұстаушыға жүргізілген операция туралы есепті орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жібереді.".

3. "Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың үлгілік нысанын, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 30 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32671 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың үлгілік нысанында:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Басқарушы:

1) Шарттың 4-тарауында белгіленген жағдайларда және мөлшерде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарудан комиссиялық сыйақы алуға;

2) Шарттың 27-тармағында көзделген талаптармен Шартты бұзуға;

3) кастодиан-банкке Тараптардың өзара келісімі бойынша және Қор, Басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шартқа сәйкес 13-тармақтың 20) және 21) тармақшаларында айқындалған міндеттемелерді орындауын тапсыруға құқылы.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шарттың үлгілік нысанында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кастодиан:

1) Басқарушыдан Шарттың 6-тарауына сәйкес Кастодиан ұсынған тиісті төлем шоттарына сәйкес өзінің қызметтері үшін ай сайын ақы алуға;

2) Шарттың 10-тарауында көзделген талаптармен және тәртіппен Шартты бұзуға;

3) Қор мен Басқарушының арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес Басқарушыға Кастодианның номиналды ұстаушының функцияларын жүзеге асыратын тиісті ұйымдардың қызметтеріне ақы төлеу бойынша, зейнетақы активтерімен мәмілелерге қызмет көрсету және қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттарды жүргізу шығыстарын өтеуге шоттар ұсынуға;

4) теңгемен немесе шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттардан, аталған шоттарда ағымдағы түсімдерді есепке алғанда осындай төлем тапсырмаларын орындау үшін жеткілікті сомалар болмаған кезде, сомаларды есептен шығару жөніндегі Басқарушының немесе Қордың төлем тапсырмаларын орындамауға;

5) Қорды және Басқарушыны бұл туралы 30 (отыз) жұмыс күні бұрын алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, тарифтерді өзгертуге;

6) Басқарушының зейнетақы активтерімен мәмілелер бойынша брокерлік комиссияларды, биржалық алымдарды және ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға байланысты басқа шығыстарды төлеуге байланысты шығыстар сомасын теңгемен және (немесе) шетелдік валютамен банктік инвестициялық шоттан акцептсіз тәртіппен есептен шығаруға құқылы, олар бастапқы құжаттармен расталады және ай сайын Шарттың 7-тарауына сәйкес салыстырып тексерудің үш жақты актісімен тіркеледі;

7) Қордың зейнетақы активтерін есепке алу және сақтау мақсатында шоттарды шетелдік кастодиандарда ашуға;

8) қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарды қолдану мақсатында Тараптардың өзара келісімі бойынша нарықтарында инвестициялар жүзеге асырылатын шетелдік салық органдарына беру үшін жаһандық шетелдік кастодиандар талап ететін салық нысандарын толтыруға жәрдемдесуге, салық нысандарын, өтініштерді, декларацияларды және басқа да нысандарды толтыруға құқылы. Шарттың 4-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген нысандарға Қор қол қояды;

9) Тараптардың өзара келісімі бойынша салық салудан босату, жеңілдетілген салық салуды қолдану немесе шетелдік эмитенттер төлейтін кірістерден салықтардың артық ұсталған сомаларын қайтару үшін қажетті салық нысандарын, сертификаттарды және басқа да құжаттарды тұрақты жаңарту мәселелері бойынша жаһандық шетелдік кастодиандармен жұмыс жүргізуге құқылы."

4. "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 184 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8692 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 37-бабының 11-тармағына, 39-бабының 3-тармағына, 46-бабына, 217-бабының 9) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 3-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына және 73-бабының 2-тармағына, "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Инвестициялық қорлар туралы заң) 6-тарауына, "Жобалық қаржыландыру және секьюритизлендіру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-3-бабына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Қор туралы заң) 5-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 8-бабы 9-тармағының 9-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру талаптары мен тәртібін айқындайды.";

мынадай мазмұндағы 23-2-тармақпен толықтырылсын:

"23-2. Банктер туралы заңның 8-бабы 9-тармағының 9-2) тармақшасында белгіленген функцияларды іске асыру мақсатында кастодиан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 307 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17920 болып тіркелген) бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен орталық депозитарийде депоненттің атына ашылған депоненттің шотын (шоттарын) басқару бойынша қызметтерді көрсетеді."

5. "Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды

ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9876 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидаларында:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 36-бабының 1-тармағына, 38-бабының 1-тармағына, 57-бабының 3-тармағына, 61-бабының 1 және 4-тармақтарына, 62-бабының 1-тармағына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 10) тармақшасына сәйкес әзірленді және эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу, номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде эмитенттердің эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша міндеттемелері жөнінде талап ету құқықтарын басқаға беру тәртібін және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірме беру талаптары мен тәртібін, сондай-ақ орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша номиналды ұстаушының клиенттері, номиналды ұстауындағы бағалы қағаздар туралы ақпаратты беру тәртібін белгілейді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Номиналды ұстаушы бұйрықтың орындалмау себептерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында бас тартуды мынадай:

1) бұйрықтардағы қолтаңбалардың нотариатта куәландырылған үлгілерге сәйкес келмеген;

2) операцияны жасауға бұйрықты алған күннен кейін күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде қарсы бұйрықты ұсынбаған;

3) бұйрықтар деректемелерінің Қағидаларда белгіленген деректемелерге немесе жеке шоттың (қосалқы шоттың) деректемелеріне сәйкес келмеген;

4) есептеулерін есепке алу ұйымы жүзеге асыратын бұйрықтардың жекелеген түрлеріне қатысты орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) және (немесе) клиенттердің шоттарында (қосалқы шоттарында) ақшаның қажетті саны болмаған;

5) мәміле мазмұнының Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес келмеуі;

6) клиент мәмілені тіркеу үшін белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда уәкілетті орган ірі қатысушы мәртебесін иеленуге берген келісімді растайтын құжатты ұсынбаған;

7) тиісінше мемлекеттік органдардың не соттың бағалы қағаздардың айналысқа жіберілуін тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімі болған;

8) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) 65-бабының 6-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) жеке шот (қосалқы шот) оқшауланған;

9) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң) сәйкес банктердің біреуіне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банктер біріктіру нысанында қайта ұйымдастырылған кезде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) (қосалқы шоттарынан (қосалқы шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу) операцияларын жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығына) ауыртпалық салынған;

10) бұйрық қабылданған сәтте және (немесе) осы бұйрықтың қолданылу кезеңінде клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі өткен;

11) номиналды ұстаушының ішкі құжатында көзделген жағдайларда рәсімдейді.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Қағидалардың 53 және 53-1-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, номиналды ұстаушы ақпараттық операцияны бағалы қағазды ұстаушының Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында алынған өкімдері (бұйрықтары), орталық депозитарийдің және (немесе) мемлекеттік органдардың сұратулары тіркелген сәттен бастап күнтізбелік үш күн ішінде жүргізеді."

6. "Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 249 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17803 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 80-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және орталық депозитарийдің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін (бұдан әрі – тізілімдер жүйесі) жүргізу жөніндегі қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тізілімдер жүйесін мынадай құжаттар құрайды:

1) операцияларды жүргізу бұйрықтары;

2) бұйрықтардың орындалуы туралы есептер (жүргізілген операциялар туралы хабарламалар);

3) бұйрықтарды орындаудан бас тартулар;

4) жеке тұлға болып табылатын тіркелген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) не осы Қағидалардың 13-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген, заңды тұлға болып табылатын тіркелген тұлға ұсынған құжаттардың көшірмелері;

5) тізілімдер жүйесінде операциялар жүргізілген Қағидалардың 10, 11, 12, 13, 14, 16, 40, 42, 43, 44, 45, 48, 49, 51, 52, 53, 54, 56, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 67, 68, 69, 70, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81 және 82-тармақтарында көрсетілген құжаттар;

6) эмитенттен (бұрын бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізген ұйымнан) орталық депозитарий алған және орталық депозитарий (бұрын тізілімдер жүйесін жүргізген ұйым) шарттың қолданылу кезеңінде эмитентке жіберген құжаттар;

7) операцияларды тіркеу журналы;

8) кіріс құжаттарын тіркеу журналы;

- 9) шығыс құжаттарын тіркеу журналы;
 - 10) мұрағатты жүргізу журналы;
 - 11) тізілімдер жүйесін құрайтын құжаттарды қабылдау-өткізу актілері.";
- 65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Қағидалардың 47, 67 және 77-тармақтарында көзделген операцияларды қоспағанда, бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушының міндеттемесіне байланысты бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) бойынша құқықтарды шектеуді орталық депозитарий бағалы қағаздарына (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салынған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушының және пайдасына оларға ауыртпалық салу жүргізілетін тіркелген тұлғаның ауыртпалығы туралы қарсы бұйрықтары негізінде ауыртпалық салу операцияларын жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Қағидалардың 67 және 77-тармақтарында көзделген операцияларды қоспағанда, орталық депозитарий тізілімдер жүйесіндегі бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалықты алып тастау операциясын мәмілеге қатысқан тұлғалардың ауыртпалықты алып тастау туралы қарсы бұйрықтары негізінде жүргізеді.";

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны енгізу операциясын орталық депозитарий сенімгерлік басқару құрылтайшысының және сенімгерлік басқарушының сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны орталық депозитарий сенімгерлік басқару құрылтайшысының жеке шотына енгізу туралы қарсы бұйрықтары негізінде жүргізеді.

Сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны алып тастауды орталық депозитарий мыналарға байланысты мүлікті сенімгерлік басқару шарты тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, сенімгерлік басқару құрылтайшысы мен сенімгерлік басқарушы берген сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны алып тастау туралы қарсы бұйрықтары негізінде жүргізеді:

сенімгерлік басқарушы - азаматтың қайтыс болуына, ол қайтыс болды деп жариялануға, ол әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі, хабарсыз жоғалып кетті деп танылуға; сенімді басқарушы заңды тұлғаның таратылуына байланысты - сенімгерлік басқару құрылтайшысының хабарламасының негізінде;

сенімгерлік басқарушының сеніп тапсырылған мүлікті өзі басқаруының мүмкін болмауына байланысты сенімгерлік басқару құрылтайшысының бас тартуына байланысты - сенімгерлік басқару құрылтайшысының хабарламасының негізінде;

сенімгерлік басқарушының сеніп тапсырылған мүлікті өзі басқаруының мүмкін болмауына байланысты сенімгерлік басқарушының бас тартуына байланысты - сенімгерлік басқарушының хабарламасының негізінде;

сенімгерлік басқарушыға, егер ол шартта көзделсе, шығындар мен сыйақыны төлеу талабымен құрылтайшының шартты орындаудан бас тартуына байланысты - сенімгерлік басқарушының хабарламасының негізінде;

сенімгерлік басқарушыға, егер ол шартта көзделсе, оған сыйақы төлей отырып, кепілмен ауыртпалық салынған мүлік басқаруға берілгені туралы оған хабарланбаған жағдайда сенімгерлік басқарушының бас тартуына байланысты - сенімгерлік басқарушының хабарламасының негізінде.

Сенімгерлік басқарушы туралы жазбаларды енгізу немесе алып тастау операциясын орталық депозитарий инвестициялық пай қорының орналастырылған пайларын есепке алуға арналған инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының жеке шоты бойынша жүргізбейді.";

96-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"96. Орталық депозитарий бұйрықты алған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда:

1) бұйрықтардағы қойылған қолдардың жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеу құжаттарына қол қою құқығына ие заңды тұлға өкілдерінің нотариат куәландырған қол қою үлгілері бар құжатта немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген қол қою үлгілеріне сәйкес келмегенде;

2) операция жасау бұйрығы алынған күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде қарсы бұйрық ұсынылмағанда;

3) Қағидалардың 38-тармағында белгіленген тәртіппен басқарушы компанияның пайларды есептен шығару (есепке алу) бұйрығымен бір мезгілде (бір жұмыс күні ішінде) инвестициялық пай қорының активтерін есепке алуды қамтамасыз ететін кастодианның растауы ұсынылмағанда;

4) бұйрықтардың деректемелері орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген деректемелерге немесе жеке шот деректемелеріне сәйкес келмегенде;

5) жеке шотта қажетті бағалы қағаздар саны болмағанда;

6) Қағидалардың 41-тармағының бірінші абзацына сәйкес бұйрықты тексерген кезде Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнаманың бұзылғанын анықтағанда;

7) Қағидаларда көзделген жағдайларда клиент мәміленің тіркелуі үшін белгіленген мерзімде осындай мәмілені жасауға осындай келісімді (рұқсатты) беруге уәкілетті мемлекеттік органның берген келісімін (рұқсатын) растайтын құжатты ұсынбағанда;

8) тиісті мемлекеттік органдардың не соттың бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімі болғанда;

9) Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 65-бабының 6-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) жеке шот оқшауланғанда;

10) Қағидалардың 47, 66, 67 және 77-тармақтарында көзделген операцияларды жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға ауыртпалық салынған;

11) Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңның 13-бабында көзделген;

12) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген жағдайларда оның орындалмау себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде немесе Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелер пайдаланыла отырып электрондық құжат нысанында бас тартуды ресімдейді.

Орталық депозитарий Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңның 13-бабында көзделген жағдайларда және тәртіпте эмитенттің бұйрығын орындаудан бас тартады.

Бұйрықты орындаудан бас тартуға бірінші басшы немесе оның орнындағы адам немесе орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес тізілімдер жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды және орталық депозитарийдің қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабанымен расталады не Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелер пайдаланыла отырып электрондық құжат нысанында жасалады және беріледі.

Жүргізілу талаптарын қосымша тексеру талап етілетін операцияларды жүзеге асыруға арналған бұйрықты орындаудан бас тартуды дайындау кезінде осындай бас тартуды дайындау 6 (алты) жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырылады."